

**«Нұра жалпы білім беретін мектебінің»КММ**

Бекітемін 

Мектеп директоры:Д.И.Мусин

---

**«Жас Ұлан»ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспары бойынша атқарылған есебі**

Тәлімгер:Н.А.Даримбаева

2023-2024оқу жылы

## **Нұра жалпы білім беретін мектептің тәлімгері Н.А. Даримбаеваның «Жас Ұлан» ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспары бойынша атқарылған есебі**

### **«Жас Ұлан» ұйымының мақсаты:**

Өскелен жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

### **«Жас Ұлан» ұйымының міндеттері:**

- Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелен жас ұрпақтың бойында рухани - адамгершілік қалыптастыру;

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;

- танымдық жұмыстарды ынталандыру;

- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

- жауапкершілікпен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2011 жылы Елбасының бастамасы бойынша «Жас ұлан», «Жас қыран» Республикалық балалар ұйымы құрылды. Біздің мектебімізде де оқуда озат, тәртібі үлгілі, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, білім, өнер, спорт сайыстарының жеңімпаздары болып жүрген 13 бала «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды.

«Жас Ұлан» қоғамдық ұйымының жарғысы мен ережесі, анты, ұраны мен әні қабылданды, апта сайын кеңесін өткізіп, өз қалаулары бойынша үйірмелерге қатысып отырады.

Оқу жылының басында жаңа оку жылына арналған жоспар құрылып, бекітіледі.

Қыркүйек білім күніне орай алғашқы қоңырауға арналған «Мектебім – мейірім мекені» салтанатты жиыны болып өтті. Мерекелік нөмірлер 1 сынып оқушыларымен орындалып, мектеп директоры Д.И.Мусин бұлдіршіндерге «Әліппе», оқулығын табыстады.

2023-2024 оқу жылы Жас Ұлан ұйымы 5-11 сыныптар – 84 оқушы, Жас Қыран ұйымы 1-4 сыныптар – 45 оқушы қамтылып, жұмыс жүргізіліп жатыр.

Қыркүйек айында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасын және мектеп Парламентінің президентінің сайлауы болып өтті. Президент болуға үміткерлердің саны шектелмеген. Сайлау нәтижесі бойынша мектеп президенті болып 11 сынып оқушысы Мекенбай Асқар сайланды, Ұланбасы болып 10 сынып оқушысы Шеризат Даюна сайланды.



Оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сініру, үлкенде сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алғып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білу мақсатында Қарттар күніне орай ардагер ұстаздарға жыл сайын құрмет көрсетіліп, көмектер ұсынылады. 5 сыйнып оқушылары «Ұлт ұстазы – ұлы қария» тақырыбы аясында ән мен биден шашу шашып қарт ұстаздарды құттықтады.



"Тәуелсіз елдің ұланымыз!" атты салтанатты шарасы барысында окуда озат, өнерлі, спортта жетістіктерге жеткен, ғылыми дарынды оқушылар "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына 15 оқушы қабылданды. "Жас Ұланның" ережесі бойынша оқушылар рапорт тапсырып, ән ұран шырқап, ант берді. Ұйымға қабылданған Ұландарымызға туымыз түстес галстуктері мен төсбелгілері табысталды. Салтанатты жиын мерекелік концерттік шарамен жалғасын тапты.



Орындаған:

Дарибаева Н.А